

**Халықаралық  
қатынастар және  
сыртқы саясат  
мәселелері**

**Проблемы  
международных  
отношений и внешней  
политики**

**Problems of  
the international  
relations  
and foreign policy**

ӘОЖ 327 (091)

<sup>1</sup>К. Қожахметов, <sup>2</sup>А. Асқаров\*

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті,  
Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті,  
Қазақстан, Алматы қ.

\*E-mail: askhat\_rv71@mail.ru

**Кэмп-Дэвид келісімінің Сауд Арабия мен Египеттің  
қарым-қатынасына тигізген әсері**

Таяу Шығыс мәселесі осы күнге шейін өз шешімін таппау үстінде, сондықтан мақала мәселеге тарихи тұрғыда талдау жасайды. Мақалада кэмп-дэвидтік келісім кезіндегі Египет пен Сауд Арабия қарым-қатынасының басты көрінісі талданды. XX ғасырдың 70-80 жылдары аралығындағы екі ел арасындағы қатынастың нашарлау мәселесі ашылып, Кэмп-Дэвид үдерісінің нәтижесі және сол кездесудің негізінде Вашингтонда 1979 жылы 26 наурызда Египет пен Израиль арасында жасалған бейбіт келісім туралы айтылады. Сондай-ақ аталмыш келісімнің Таяу Шығыстағы халықаралық жағдайға берген әсері мен барша араб әлемінің Египетке деген қатынасы баяндалады.

**Түйін сөздер:** Таяу Шығыс жанжалы, Кэмп-Дэвид үдерісі, Египет пен Сауд Арабияның қарым-қатынасы, араб-израиль соғысы, саяси оқшаулану, Египет-Израиль бейбіт келісімі.

K. Kozhahkmetov, A. Askarov

**Impact of the Camp David accords on the Saudi-Egyptian relations**

The paper offers an analysis of the main aspects of Saudi-Egyptian relations during the time of the Camp David Accords. Problems, which complicated relations between Saudi Arabia and Egypt at the turn of the 1980ies are identified. Describes results of Camp David Accords and peace treaty which signed in Washington on march 26 1979 between Egypt and Israel. As well as impact of agreement on international situation in the Middle East and including a description of Egypt's relations with the Arab world.

**Keywords:** Middle-East conflict, Camp David Accords, Saudi-Egyptian relations, Arab-Israeli war, political isolation, Egyptian-Israeli peace treaty.

К. Кожухметов, А. Аскарлов

**Влияние Кэмп-Дэвидских соглашений на саудовско-египетские отношения**

В данной статье проанализированы основные аспекты саудовско-египетских отношений в период заключения Кэмп-Дэвидских соглашений. Выявлены проблемы, осложняющие отношения между Саудовской Аравией и Египтом на рубеже 70-80-х гг. XX века. Описываются итоги Кэмп-Дэвидского процесса и подписания в Вашингтоне в 1979 году 26 марта мирного договора между Египтом и Из-

раилем. А также влияние данного договора на международное положение на Ближнем Востоке, в том числе изложены отношения Египта с арабским миром.

**Ключевые слова:** Ближневосточный конфликт, Кэмп-Дэвидский процесс, саудовско-египетские отношения, арабо-израильская война, политическая изоляция, египетско-израильский мирный договор.

Египет президенті Гамаль Әбдел Насер қайтыс болғаннан кейін, Египет билігі үстіне достық пен ынтымақтастық сипаттағы және барлық араб елдерімен жаңа саясат бағытын ұстанған Ануар Садат келді. Г. Насер Израиль мемлекетін мойындамай, оған сионистік құрылым ретінде қараса, ал А.Садат араб-израиль жанжалын бейбіт жолымен шешкісі келді.

Араб-Израиль қақтығысын реттеуге, мүдделі тараптар арасында келісім жасауға БҰҰ Бас хатшының арнайы өкілі Швецияның КСРО мен МХР-дағы елшісі Гуннар Ярринг тағайындалды. Ол 1971 жылы 8 ақпанда Израиль мен Египетке хат арқылы үндеуінде, бейбіт үдерісті қамтамасыз етуге тұрлаулы міндеттемелер берді. Израиль өз әскерін басып алған территориялардан шығарып және Суэц каналы арқылы кеме қатынастарына еркін қозғалыс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін кепілдік беру керек еді; Египет бейбіт келісім жасау міндеттемесін алуға және соғыс жағдайын толық тоқтату, сонымен қатар Израильдің «бейбітшілік пен қауіпсіздікте өмір сүру» құқығын мойындау керек еді. Басқа сөзбен айтқанда, екі тарап БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің №242 қарарының басты ережелерін қабылдау керек болды. Египет Г. Яррингтің ұсыныстарын қабылдап, бірақ Израиль әскерлерін 1967 жылғы шекараларға дейін алып кету талабын қойды. Ал Израиль ешқандай жағада 1967 жылғы маусым шекараларына шегінбейтіндігін жеткізді [1].

1973 жылы араб елдерімен қарым-қатынасты жақсартып, Израильге деген Американың көмегінің кеңеюінен және оккупацияланған аумақтардың мекенді орындарда Израиль құрылысының көптеп салынуы бұл проблеманы бейбіт жолмен шешуден, сондай-ақ 1967 жылы шекараға дейін Израиль әскерлерін шығарудан үміт үзген А. Садат енді шабуыл тактикасына көшеді.

Жоғарыда айтылғанға қарамастан Таяу Шығыс проблемасын шешуде ешқандай оң қадамы болмай, керісінше одан әрі шиеленісуінің

нәтижесінде 1973 жылдың 6 қазанында жаңа араб-израиль соғысы басталып кетті.

АҚШ пен Кеңес Одағы және барлық Қауіпсіздік Комитетінің мүшелері соғысты тоқтатуға екі жақтан да талап етті. Соның нәтижесінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі № 338 қарарын қабылдады. Онда 1967 жылғы белгілі № 242 қарарында белгіленген шарттарды шұғыл түрде іске асыру қажеттігіне назар аударып, ол үшін Таяу Шығыста әділ және баянды бейбітшілік орнату мақсатында мүдделі тараптардың қатысуымен келіссөздерді бастау қажеттілігі айтылды [2].

Соғысудан ешқандай нәтиже шықпайтынына көзі жеткен А.Садат, енді бейбіт жолмен шешу үшін Вашингтонға бет бұра бастайды. Сондай-ақ Кеңес Одағына жақынырақ болып келетін сирия президенті Хафез Асад Голан биіктігі туралы американдық дипломатияға үндеу жолдады [3].

Таяу Шығыс мәселесін реттеу мақсатында мүдделі тараптардың және КСРО мен АҚШ-тың демеушілік қатысуымен арнайы халықаралық механизмі ретінде Таяу Шығыс мәселесі бойынша Женева бейбітшілік конференциясы құрылып, оған Г.Киссинджер, А.Громыко және БҰҰ Бас Хатшысы Курт Вальдхайм қатысты. Әскерлерді соғыс жағдайынан шығару туралы израиль – египеттік келісімшарт 1974 жылы 18 қаңтар күні жасалды. Каир-Суэц жолындағы «101 шақырым» атты келісімі бойынша екі тараптар өз әскерлерін кері шегіндіріп, олардың арасына БҰҰ Қарулы күштері орналасты. Сөйтіп шын мәнісінде бұл қадам шиеленісті бейбіт жолмен шешуге бағытталған алғашқы әрекет болды.

Одан кейін әртүрлі форумдарда Таяу Шығыс мәселесі бойынша халықаралық бірталай маңызды құжаттар қабылданған. Солардың ішінде, Қауіпсіздік Комитетінің 1974 жыл 22 қарашасындағы № 3236 және № 3237 қарарлары Палестина араб халқының өзін-өзі билеу мен егемендігіне заңды құқығының барын құптады.

1974 жылдан бастап американдық дипломат Г.Киссинджер Израиль мен Египет арасындағы аталмыш келісімге кол жеткізу үшін бұл мәселені

өз қолына алады. 1975 жылы мамырда президент А.Садат Суэц каналының ашылғандығын жариялап, сол жылдың қыркүйек айында жаңа келісімге қол қояды: Израиль Митл мен Гидди асуларынан, Синай түбегіндегі египеттік мұнай орындарынан кететін болды.

1977 жылы «Ликуд» партиясының жетекшісі Менахем Бегин Израильде алғашқы рет Еңбек Партиясының қатысуынсыз үкімет құрып премьер-министрлікке келді. Ол Иордан өзенінің Батыс жағалауын Израильге қалдырылып, ондағы мекенді орындарда құрылысты тездету керек деп жариялады. М.Бегин Египетпен Синай түбегін алмастыру және Израильдің артында Иордан өзенінің Батыс жағалауы мен Газа секторын қалдыру саясатын жүргізді. Сонымен қатар, ол Израильдің жойылу мүмкіндігін болдырмас үшін аумақтағы ең мықты ел Египетпен конфронтациядан шығуын көздеп, онымен бейбіт келісім шарт жасасуға тырысты. Осы уақытта Құрама Штаттарының президенті Дж.Картер КСРО қатысуымен қайтадан Женева конференциясын шақыртып, оған Палестинаны Азат ету Ұйымын қатыстыруға ұсынды. Бірақ бұл үшін, ПАҰ Израильдің өмір сүруге құқығын мойындауы керек болды. М. Бегин палестиналықтардың қатысуына келісті, алайда ПАҰ-мен еш жерде, ешқашан келіс сөздер жүргізбейміз деп жариялады.

Қараша айында М. Бегин А. Садатты Иерусалимге шақырды. А. Садат келуге келісім берген себебі оған бейбітшілік қажет болды: бір жағынан, Ливиямен соғыс (төрт күндік соғыс), екінші жағынан, Египет экономикасы күйзеліске ұшырап, ішкі наразылық пен бүліктер тудырды.

Израильдің Кнесетіндегі (Парламенті) сөйлеген сөзінде А.Садат Женева конференциясының екінші рет шақырылуына кедергілер тудыратын жағдайларды айыптап, Египет пен Израиль арасында бейбітшілік құруға, Израильді 1967 жылғы шекараларға шегінуге, палестиналықтарға өзін-өзі билеу мен мемлекеттік құқығын беруге шақырды. Сол жылы Каирде Египет пен Израиль арасында келіссөздер жүргізіле бастады.

Бұл Израиль мен Египеттің соғысын тоқтатқан, алайда көпшіліктің үмітіне қарамастан, палестиналықтар үшін нәтижесіз болған үдерістің бастамасы еді. М. Бегин демилитаризацияланған Синай түбегінде өзінің

алдыңғы қатарлы позициялары мен қорғаныс құрылыстарын қалдырмақ түгіл, Иордан өзенінің Батыс жағалауындағы бақылауынан бас тартпайтыны көрінді; оның үстіне ол бұл жердегі демократиялық трансформацияны тездетуге ұсынып, әскери мақсатқа сәйкес еместігіне қарамастан, тұрғылықты мекен органдар құрылысын көтермеледі. М. Бегин билігі кезінде оккупацияланған Иордан өзенінің Батыс жағалауындағы еврей халқының саны бес есе өсті. Египет бейбітшілікке қол жеткізді, 1973 жылы жоғалтып алған Синай түбегіндегі территориялар мен мұнай кен орындарын қайтарып алды. Бірақ осыдан кейін бүкіл араб елдері А.Садатты Израильмен шарт жасасқанда палестиналықтардың мүддесін қорғамады деп айыптады.

Дж. Картер Женева конференциясының қайта шақырылуын жүзеге асыра алмай, осы оқшау израиль-египеттік келісімшартының жақтаушысына айналып кетті. Өйткені бұл келісімшартты Израильдің басқа көршілес жау мемлекеттерімен жасайтын бірқатар келісім шарттардың бастамасы деп қарастырды. Құрама Штаттар Израиль мен Египет келіссөздерінің басты қатысушы рөлін өз мойнына жүктеді.

Кейбір араб басшылары Израиль мемлекетін үзілді-кесілді мойындамай, мәселені қарудың күшімен шешуге шақырса, екіншілері мәселені бейбіт түрде шешуді көздеді. Сөйтіп, Американы египет-израильдік Кэмп-Дэвидтегі кездесу 1978 жылы 5 қыркүйекте ашылды. Бірінші күні Египет Президенті А. Садат ауқымды құжат оқыды. Құжатта келесідей міндеттемелер болды: бүкіл палестиндік босқындарды еліне қайтару және араб-израиль соғысы кезінде келтірілген залалы үшін репарация төлеу; 1967 жылғы шекараға дейін израиль әскерін шығару; Иерусалимнің интернационализация мәселесін талқылау.

А. Садаттың алға шығарылған міндеттемелері Сауд Арабия жағынан қолдау тапса, ал Израильден керісінше, «А. Садатты Иерусалимде қабылдап, Мен египеттік президент үшін барлығын жасадым» деп мәлімдеген М. Бегиннің жауабынан байқауға болады [4].

Бұндай жауаптан кейін Египет пен Израиль басшыларының қарым-қатынасы суып, келіссөздер делдалар арқылы жүріп отырды. америкалықтардың күшті жігері арқылы бұл жағдайды қалпында сақтап қалды.

Он бірінші күні Дж. Картер А. Садаттың резиденциясында он бес минут болып, оның алдында египет көшбасшысы үшін қолайсыз болып көрінген америкалықтардың жасаған құжаттағы шарттарымен келісті. Сол күні кешкісін Египеттің Сыртқы істер министрі М. Камель А. Садаттың келіскені үшін қарсылық көрсетіп орнынан кетті. Ал АҚШ Президенті өзін жеңімпаз сезініп, осының көмегімен Ақ үйде екінші мерзімге қалудың қамын ойлады. А. Садаттың сыртқы көрінісі өте жақсы болғанымен бірақ бұл тек сыртқы келбеті. Шын мәнінде, Кэмп-Дэвидтегі болған жағдай, Саудтарға және қалған араб әлеміне берген уәдемен байланыспады.

Египет, Израиль және АҚШ кеңесінде «Таяу Шығыста бейбітшілік орнату шеңбері» және «Египет пен Израиль арасында Бейбітшілік туралы келісімге келудің шеңбері» атты екі құжатқа қол қойылды. Бірінші құжат Израильдің әскери бақылауы астында Иордан өзенінің Батыс жағалауы мен Газа секторының палестиналықтарына шектелген «өзін-өзі билеу құқығын» беру арқылы Палестина мәселесін шешуді мақсат етеді. Екінші келісім негізінде 1979 жылы Египет пен Израиль арасында Бейбітшілік туралы Шартқа қол қойылды, оның шарттары бойынша Египет Синай түбегін қайтып алды, Израиль Батыс жағалауы мен Газа секторында Палестина билігін құруға түбегейлі келісімін берді [1, 69 б.]. Осыдан кейін араб әлемінде қақтығысты бейбіт келіссөздер жолымен реттеу үдерісі артты.

Израиль өз әскерлерін 1967 жылғы шілдедегі шекараға дейінгі – Синай түбегінен үш жыл мерзімінде шығаруға келіссе және Каир 9 айдың ішінде толық көлемде дипломатиялық қарым қатынасты орнатуға уәде етті. Осы құжаттардың негізінде 1979 жылы 26 наурыз күні Вашингтонда А. Садат, М. Бегин және Дж. Картер арасында египет-израильдік жаңа келісімге қол қойылды. Египет-израильдік шекара бұрынғы Палестина мандатты аумағының шекара бойымен орнатылды. Таяу Шығыста бейбітшілікке жол ашқаны үшін М. Бегин мен А. Садат әлемдік Нобель сыйлығымен марапатталды.

Кэмп-Дэвидтік келісіміне араб әлемінің көзқарасы қандай болды екен?

Бірде-бір араб елдері және көпшілік мұсылман үмбеті Египет әрекетін қаламады, керісінше айыптады. Араб мемлекеттерінің лигасы 1977 жылы 2-5 желтоқсан аралығында Три-

поли қаласында «Келіспеу конференциясын» шақыртып, қарсылық ұйымдастырды және Египетке бойкот жариялады. А. Садат жауап ретінде Ливиямен дипломатиялық қатынастарын үзді. Египет не өзінің жеке мүдделерін, не араб елдерінің бірлестігін тандауы қажет болды. А. Садат Египет мүдделерін жоғары қойып сионистерге басын иді. Оған ең ауыр болғаны жолдастарының одан кері қарай бет бұрғаны, соның ішінде басымды және беделді досы Сауд Арабиясы.

Сауд Арабияның әрекеті А. Садатты мазасыздандырды. Оның ойынша Г.А. Насердің ұстанған бағытынан кетуі, Израильмен қарым-қатынастың жақсаруын Саудтықтар қолдайды деп, әлде белсенді түрде қарсылық көрсетпейтінін есептеді. Бірақ Сауд Арабиясы осы мәселеге байланысты келесідей жауап қатты: «кэмп-дэвидтік конференциядағы жетістіктер, ақырғы бейбіт формуласы ретінде санауға болмайды. Бұл келісімдер Израильдің оккупацияланған территориялардан толық қанды кетуін қамтамасыз етпейді» [5].

Келісімге қатысты сансыз ірі саясаткерлердің ой-пікірлері бар. Мысалы, Сауд Арабияның Сыртқы істер министрі Кэмп-Дэвид туралы: «бұл бейбітшілік тұрақсыз және оның артынан үлкен соғыс күтіп тұр», – деп айтқан [6]. Саудықтардың ықпалында болған «ағайынды мұсылмандардың» басшысының ұстанымы: А. Садаттың іс-әрекетін кінәласа да, арабтарды Египетпен қарым-қатынасты үзбеуге шақырды [7].

Сауд Арабиясы 1978 жылы қарашаның ортасында Эр-Риядқа, Египет Израиль арасында жасалған келіссөзге қатысты египеттік көзқарасты жеткізуге келген А. Садаттың арнайы өкілін қабылдауға бас тартты [8]. Сауд Арабиясы кэмп-дэвидтік келісіміне қарсы екенін қуаттады. Сауд Арабиясының әрекеті ислам және араб ұлтшылдық ұстанымдарының негізінде орынды жағдай. Патшалық бейбіт түрде ымыраға келу жолын қолдағанда, мүмкін Таяу Шығыстағы қазіргі халықаралық қатынастар басқа көрініс табар ма еді.

Басқа жағынан алатын болсақ, 1978 жылдың аяғы мен 1979 жылдың бас кезіндегі оқиғалар көрінісі, саудтықтар Египетпен қарым-қатынасқа байланысты әлі де болса соңғы нүктесін қоймаған болатын. Сауд Арабиясына аймақтағы тұрақтылық қажет болды, ал егер де Египеттің арабтардан бөлінуі Таяу Шығыста



кейбір өзгерістерді алып келер еді. Бұл жағдай Сауд әулетіне ұнамады. Египеттің алшақтауы Сириямен Иранның қарым-қатынастарының жаңғыруымен қалыптасуына алып келер еді. Кейінірек бұл мәселе Иранның революциясымен байланысты өзекті мәселеге айналды. Екі мемлекеттің одағы аймақтағы тұрақтылықты бұзып, Сауд Арабиясына қауіп төндірді.

Бүкіл жағдайды таразыға салып, Египеттің бұрынғы жолына түсуіне мүмкіндігі бар екеніне сенген Сауд Арабиясы А.Садаттың одан әрі Израильмен келісімге келмеуі қамын ойлап, соны жүзеге асыруға тырысты. Саудтықтар ресми түрде оларды қаламайтынын көрсетсе де, сонымен қоса «Патшалық басқа мемлекеттің ішкі жұмыстарына кіріспейтінін» мәлімдеді. Бұл сауд-египеттік қарым-қатынастарының жақсаруына мүмкіндік берді.

1978 жылы қараша айында Бағдатта араб мемлекеттерінің басшылар кеңесі өтті. Оның басты талқыланған тақырыбы А. Садаттың сепараттық іс-әрекеті болды. Мәжіліс қатысушылары Египет президентін қабылдаған шешімінен бас тартуға шақырды. Бұл жағдайда Египетке 5 млрд. долл. мөлшерінде қаржылай көмек көрсетуге уәде етті. А.Садат бұдан бас тартып, араб әлемімен артқа қайтпас конфронтацияға нүкте қойды.

Егер де египет-израиль келісімдері күшіне енген жағдайда, Бағдат кездесуіндегі қатысушылар жауап ретінде Египетке қарсы саяси және экономикалық санкциялар жариялауға келісті. Сонымен қатар кездесуде Израильмен тікелей конфронтациядағы Сирия, Иордания және Палестинаны Азат ету Ұйымы сияқты елдер үшін қаржылық көмек қоры құрылды. Бұл шығындарды ірі мұнай экспорттаушы елдер өз мойнына алды. Осындай қадам жасау арқылы Араб әлемінің Израильге қарсы екенін тағы да айғақтата түсті.

Бірақ А. Садат одан әрі тек қана өз мемлекетінің мүддесі үшін әрекет етті. Бұдан кейін, оның бастаған жолынан қайтару мүмкін еместігін көпшілік түсінді. Оның бір бетті екені туралы Сауд Арабиясы: «егер де Израильдің бүкіл араб қарсыластары бұл үдеріске қатысқан жағдайда ғана біз Таяу Шығыс бейбіт келісімін қолдаймыз» деп мәлімдеді.

1979 жылы 26 наурызда Вашингтонда Израиль мен Египет арасында бейбіт келісім-шартқа қол қойылды. Келісімдегі алтыншы

бап араб әлемі үшін ең ауыр соққы болып есептелді. Осы келісім Египеттің жасаған басқа келісілген міндеттемелерінен басымырақ болды. А. Садаттың осы баппен келісуі, арабтармен қарағанда осы уақытта Израильмен достасқан маңыздырақ екенін бүкіл араб әлеміне паш етті.

Египет-Израиль келісімі Каирдің Израиль агрессиясына қарсы бүкіларабтық майданнан кеткенін көрсетті. А. Садаттың Синай түбегін қайтару үшін қандай да жолмен Израильмен келісімге отыруы, Тель-Авивпен Вашингтон үшін уақытты қысым көрсету құралына айналдыру мүмкіндігіне ие болды. А. Садаттың асығушылығы ешқандай шартсыз Израильге АҚШ тарапынан кепілдік жасауға мүмкіндік берді. Бұл жағдай Египетті басқа қатысушылармен салыстырғанда тепе-теңсіз жағдайға алып келді.

1979 жылы 27 наурызда Бағдатта сыртқы істер, экономика, қаржы министрлер деңгейінде конференция өтті. Жиылған қауым Египетте қарсы саяси және экономикалық санкциялар енізу туралы құжатқа қол қойды. Бағдат конференциясының шешімінде, арнайы түрде экономикалық санкциялар араб мемлекеттерінде жұмыс істеп жүрген 2 млн мысырлықтарға әсер тигізбеу керектігі айтылды. Бұл санкциялар Египет халқына қарсы емес, тікелей А. Садаттың саясатына бағытталғанын көрсетті. Сонымен қатар конференция АҚШ-тың саясатын египет-израиль келісімін жасауына қатысты сын көзбен қарады.

Конференция шешімі сондай-ақ келесідей мәселелерді қарастырды: қаржылай, материалдық және техникалық көмекті тоқтату; Египетке қарыз беруді тоқтату; Египеттік акциялар мен облигациялардан бас тарту; Египетке мұнаймен мұнай өнімдерін тасымалдауды тоқтату; Израильмен ынтымақтасқан египеттік ұйымдармен сауда байланысын доғару. Бағдаттық конференцияның шешімімен Судан мен Омандан басқа араб мемлекеттері қолдады. Египет бүкіл қаржылық және экономикалық араб ұйымдарын, қорлардан шектетіліп, оның АМЛ және ОПЕК мүшелігі тоқтатылды. Араб мемлекеттер лигасының штаб-пәтері Каирден Туниске көшірілді.

Сауд Арабиясында басқа араб мемлекеттері сияқты египеттік Президенттің әрекетіне қарсы позицияда болды. Дегенмен бағдаттық конференциямен келісе тұрып, санкциялар египеттік

халыққа қарсы бағытталмағанын айрықша атап өтті. 1979 жылы 24 сәуірден бастап Сауд Арабиясы Египетке экономикалық көмек көрсетуден бас тартты.

Египет-Израиль келісімі бүкіл араб әлемінің мүддесіне ғана емес, сонымен қатар Сауд Арабиясының жеке мүддесіне әсерін тигізді. Екі ел арасында қарым-қатынастың жақсарған кезінде Сауд Арабиясы өзінің Сенафир және Ти-

ран аралдарын Израильге блокаданы күшейту мақсатында Египетке берген болатын. Израильмен бейбіт реттеуге келіскен Египет, қабылданған халықаралық ережелерге қатысты қайтаруға міндетті еді. Оның орнына бүкіл ережелерді бұзып, Израильдің қарамағына тапсырды [9]. Әрине, бұл жағдай екі ел арасында одан да үлкен қарым-қатынастың нашарлауына алып келді.

### References

- 1 Noveyshaya istoriya arabskih stran Afriki. – M., Nauka, 1990 – S. 44-45.
- 2 Rezolyutsiya Soveta Bezopasnosti OON № 338 ot 1973 22 oktyabrya.
- 3 Kissindzher G.. Diplomatiya. – M., Lodomir, 1997. – S. 672.
- 4 Gluhov Yu.V. Vystrely na parade. – M., Sovetskaya Rossiya, 1983. – S. 54.
- 5 Friendlander A.. Sadat and Begin. – Colorado, Westview press, 1983. – P. 244.
- 6 Valkova L.V. Saudovskaya Araviya: neft, islam, politika. –M., Nauka, 1987. – S. 83.
- 7 Trofimov D.A. Islamskiy fundamentalizm v politicheskoi zhizni Egipta. – M., Izdatelstvo MGIMO 1991. – S. 135.
- 8 Zakir Sh. Amerikanskaya politika v Persidskom zalive. – Beirut, 1989. – S. 64.
- 9 Valkova L.V. Vneshnaya politika Saudovskoi Aravii v 70-80-e godi. – M., 1988. – S.245.